

## Діни экстремизмнің алдын алу іс-шарасы

2013-ші жылдың 23-ші қазанында КЖЖКББ факультетінің аға оқытушысы, техникалық ғылымдар магистрі Жұмасеитова Самал Дүйсенбайқызы «Діни ағымдар және діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекеттер» тақырыбында кураторлық сағат өткізді. Сабақ барысында 102 топ студенттері А.Таукеев және М.Зейнулла дайындаған баяндамалары тыңдалды. Сондай ақ, «Сенім.Білім.kz» бағдарламасының «Қазақстандағы экстремизм» тақырыбы бойынша бейнеролик және «Адасқандар» бейнефильмі көрсетілді.

Кураторлық сағатта студенттер көптеген діни ағымдардың пайда болуына байланысты қоғамда кері саяси ұғымдардың пайда болуы, діни экстремизмнің қоғамға келтіретін залалы қандай, жат пиғылды ағым өкілдерінің ықпалына түсіп кетпеу үшін жастар неден бас тарту керек, жастардың діни сауаттылығын арттыру туралы мәселелерді талқылады.

